

«М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары-19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110- летию М.А. Гендельмана». - 2023.- Т.ІІ,Ч.ІІ.- Б. 205-206.

УДК 004.73

## ҚАРАСТЫРЫЛЫП ОТЫРҒАН БӨЛІМШЕДЕ ТОБЖ ЖОБАЛАУ ҚАЖЕТТІЛІГІН МАҢЫЗДАНДЫРУ

*Сергей Еркегүл, IV - курс студенті*  
*Наурыз Қ.Ж., магистр, аға оқытушы (ғылыми жетекші)*  
*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана*  
*қаласы*

«Алтын Алмас ҰК» АҚ - «Қазақтелеком» АҚ «Шортанды желілік - техникалық цехы» бөлімшесінде ТОБЖ жобалау» деп бітіру жұмысында қарастырылып отырған бөлімшеде ТОБЖ жобалау қажеттілігін маңыздандыру негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

«Алтын Алмас» АҚ - толық геологиялық, тау-кен өндіру және алтын өңдеу циклдерін жүргізетінірі компания болып табылады. Компанияға Қазақстанның құрамында алтыны бар кенді өндіретін 9 кен орындары тиесілі. Компания төрт өңірінде кен өндірумен айналысады: Жамбыл, Қарағанды, Абай және Ақмола облыстары. Пайдалы қазбалар «Ақбақай», «Долинное», «Ақсу» алтын өндіру зауыттарында, «Пустинное» байыту фабрикасында және «Алтыналмас Technology» бағалы металдарды өндіру зауытында өңделеді. Бүгінгі күні компания штатында 10 000-нан астам жоғары білікті жұмысшылар жұмыс істейді. Сонымен қатар, өндіріс процесіне (үрдісінде) 120-дан астам тау-кен техникасы жұмылдырылған. Бас офис Алматы қаласында орналасқан [1].

Бітіру жұмысында қарастырылып отырған «Алтын Алмас ҰК» АҚ-ның Ақмола облысы Шортанды ауданында орналасқан құрылымдық бөлімі Жолымбет елді мекеніне жақын орналасқан. Жолымбет кен орны Ақсу-Жолымбет құрылымдық-металлгендік аймағының оңтүстік бөлігіндегі Селеті-Степняк мегасинклинорийінің оңтүстік-шығыс тұйық жағында орналасқан. Жолымбет кен орны 3 учаскені (бөлімшені) (Орталық, Оңтүстік, Солтүстік) және алтын-кварцты түзілістің бірқатар жерін қамтиды. Учаскелер Степняк типті интрузиялардың эндо және экзоконтакт бөліктерінде (Орталық және Оңтүстік) және Қырыққұдық массивінің жоғарғы жағында (Солтүстік) жатыр. Алтын өндіру зауыты Жолымбет кен орнының Орталық учаскесінің (№6 карьер, Орталық шахта) кендерін өңдеуге арналған. Төмендегі 1-суретте

компанияның диспетчерлік бекеті мен операторлық жұмыс орнынан көрініс бейнеленген [2, 1].



Сурет 1. Жолымбет кен орнының диспетчерлік бекеті мен операторлық жұмыс орны

Жолымбет елді мекені аудан орталығы Ақмола облысындағы аудан орталығы болып табылатын Шортанды ауылынан шығысқа қарай 49 км-дей жерде Ащылы-Айрық өзеннің оң жағалауында орналасқан [2].

Жолымбет елді мекені халқының көпшілігі жұмыс істейтін аталған мекеме 2021 жылы толық модернизациядан өтті, 2022 жылдың өзінде жаңа 75 жұмыс орны ашылды.«Алтыналмас Technology» ЖШС болып табылатын «Алтын Алмас ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшесі фабрикасы заманауи жабдықталған,қауіпсіз өндірістің барлық нормалары мен стандарттарына сай жұмыс істейтінөндіріс орны болып табылады. Сонымен қатар, «Алтын Алмас ҰК» АҚ барлық құрылымдық бөлімшелерінде 2017 жылдан бері «Цифрлық кеніш» жобасы іске қосылды. Жобаның мақсаты өндірістегі үрдістерді автоматтандыру және бизнес-үрдістерді цифрландыру болып табылады [3].

Аталған жұмыстарды іске асыруда жоғары жылдамдықты, заманауи телекоммуникациялық желілер мен жүйелердің алатын орны зор. Мұндай мүмкіншілікті қазіргі таңда оптикалық кабельдер мен жүйелерге негізделген телекоммуникациялық желі ғана бере алады. Оптикалық кабельдердің ағымдағы радиожолдарға қарағанда көптеген артықшылықтары бар, атап айтсақ: кеңжолақтылығы, жоғары жылдамдығы, ақпараттың қорғалғандығы, жұмысқа пайдалану шарттарының қарапайымдылығы, энергияны аз тұтынуы, электрлік қысқа тұйықталудың болмауы, сигналдың төмен өшуі және т.б. [4]

Оптикалық кабель (ОК) - бүгінгі күні барлық жағынан ақпаратты тарату саласындағы көшбасшы болып табылады. ОК үлкен капиталдық салымдарды қажет етеді, бірақ жұмысқа пайдалану жағынан үнемді, экономикалық тиімді болып табылады. Тәжірибе көрсеткендей, ОК – ге негізделген тарату жүйелері трафикті ұлғайту үшін шексіз мүмкіндіктер ие және еліміз қойған барлық мәселелерді шешу бойынша ақпараттық қоғам құруда да қабілетті [5]

ТОБЖ негізделген дербес транспорттық желі жобалау операторларға деген тәуелділікті азайтуға мүмкіндік беріп, арналарды жалға алуға кететін шығындарды азайтуға жол ашады. «Алтын Алмас ҰК» АҚ – ғы «Цифрлық кеніш» жобасының сапалы жұмыс істеуіне де кепілдік береді. Сонымен қатар, болашақта «Алтын Алмас ҰК» АҚ - наеліміздің әр өңірінде орналасқан құрылымдық бөлімшелері арасында корпоративті желі құруға да мүмкіндік береді.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Алтын Алмас» АҚ – ның ресми сайты. [Қолжеткізім ресурсы]: <https://www.altynalmas.kz/>. Қолданыстағы күні: 25.02.2023.

2. Жолымбет[Қолжеткізім ресурсы]: <https://www.komandirovka.ru/cities/zholymbet/>. Қолданыстағы күні: 25.02.2023.

3. Жолымбеттегі жаңартылған фабрикада алғашқы жүз килограмм алтын шығарылды.[Қолжеткізім ресурсы]: <https://ortcom.kz/kk/novosti/1662354925>. Қолданыстағы күні: 25.02.2023.

4. Paolo Minzioni, Cosimo Lacava, Takasumi Tanabe, Jianji Dong<sup>4</sup>, Xiaoyong Hu, Gyorgy Csaba<sup>6</sup>, Wolfgang Porod, Ghanshyam Singh, Alan E Willner, Ahmed Almainan Roadmap on all-optical processing[Text]/Published 17 May 2019 • © 2019 IOP Publishing Ltd. Journal of Optics, Volume 21, Number 6. DOI 10.1088/2040-8986/ab0e66.

5. Баянов Ж. Ж., Жаксыбаева Д.К., Наурыз К.Ж.Выбор среды передачи и оборудования[Текст]. Молодой исследователь: вызовы и перспективы. сб. ст. по материалам XXXVI междунар. заочной науч.- практ. конф. - № 11 (36). - М., Изд. «Интернаука», Россия. - 2017. С. 405 - 408.